

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК!

№127-128
(4716)
Бейсенбі
24 қазан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЫНТЫМАҒЫМЫЗДЫҢ СИМВОЛЫ

5-БЕТ |



АСТАНА – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

6-БЕТ |



ТАСТАЙ БЕКЕМ, ТАУДАЙ БИІК

8-9-БЕТ |



ЕСКІ ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

10-БЕТ |



Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді егемендігіміздің, халқымыздың бірлігі мен күш-қуатының символына айналған Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам жүрегімізді қуаныш пен мақтаныш сезіміне бөлеп, Қазақстанның болашағы жолында үлкен бастамаларға серпін береді.

Астана Отанымыздың жүрегі ретінде оның дамуында ерекше рөл атқарады. Әрбіріміздің күш-жігеріміздің арқасында қаламыз ең батыл бастамалар мен жобаларды жүзеге асыра отырып, сенімді әрі табысты дамып келеді. Бәріміз бірге қаламызда өмір сүруге қажетті жағдайлар жасаймыз, жаңа мектептер, жолдар, тұрғын үйлер саламыз, көшелерді көгалдандырып, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытамыз. Осының бәрі – сіздердің еңбектеріңіздің, ортақ іске қосқан үлестеріңіздің жемісі.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, жақындарыңызға амандық, сондай-ақ елордамыздың және бүкіл еліміздің тоқтаусыз дамуын тілеймін! Әрбір күн Отанымызды мақтан етерлік қуанышты жағдайларға толы болсын! Республика күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫН ҚАҚҚАН КҮН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында қазақстандықтарды ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап өтті. Президент еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді қасиетті тәуелсіздігіміздің бастауына балады.

КІМ «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» БОЛАДЫ?

26 қазанда «Барыс Арена» спорт сарайында XIII республикалық «Қазақстан барысы» турнирі өтеді.



Турнирге Қазақстанның 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың іріктелген ең мықты балуандары қатысады. «Қазақстан барысы» атанған жеңімпаз балуан 15 миллион теңге көлеміндегі басты сыйлықты алады. Екінші орынға –

3 300 000 теңге, үшінші орынға 1 080 000 теңге тағайындалған. Әр жеңген жекпе-жек үшін балуандарға 100 000 теңгеден сыйақы беріледі.

Турнир 13.00-де басталады. Жанкүйерлер үшін кіру тегін.

26-27 ҚАЗАН
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ
Ақмола, Қостанай және Ұлытау облыстары
Қарқаралы тасжолы, 1

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЕҢБЕК ЕРІ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы отандық ғылымды дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық қызметтегі аса үздік еңбегі үшін Президент жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті А.Жұмаділдаевқа, елдің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Алматы қаласы №4 арнайы мектеп-интернатының мұғалімі Г.Нүрпейісоваға, Орал қаласы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мұғалімі Э.Траисоваға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қарағанды облысы «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Г.Прокопқа берілді.

ОРДЕНДЕР
ТАПСЫРЫЛДЫ

«Отан» орденімен Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығының директоры С.Жошыбаев пен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Оразалин марапатталды. І дәрежелі «Барыс» ордені Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары А.Рауға, Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртісі Н.Өнербайға, еңбек ардагерлері Қ.Жақыповқа, Ө.Озғанбаевқа, В.Редкокошинге және С.Шәкіратқа, Алматы қаласы «Persona» халықаралық клиникалық репродуктология орталығының басшысы В.Локшинге, ІІ дәрежелі «Барыс» ордені Қазақстанның Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Н.Онжановқа және еңбек ардагері Ж.Шәріповке, ІІІ дәрежелі «Барыс» ордені Премьер-министрдің орынбасары Т.Дүйсеноваға, шахматтан әлем чемпионы Б.Асаубаеваға, Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевқа, Тараз қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы С.Сейдәзімовке табысталды.

Сонымен қатар бір топ белгілі ғалым, мәдениет, білім саласының қайраткерлері және өндіріс өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер «Парасат» орденінің иегері атанды. Олардың қатарында Алматы қаласы «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы З.Аманжолова, Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Арғымақ» жауапкершілігі шек-



Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым қайраткерлері, өндіріс, бизнес салаларының көрнекті өкілдері, депутаттар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар және еңбек ардагерлері бар.

теулі серіктестігінің директоры О.Байділда, «Қазақстан авторлар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры Б.Есенәлиев, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Х.Қалиламбекова, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық

қазақ драма театрының актері К.Кемалов, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас директоры К.Матыжанов, Түркістан облысының әкімі Д.Сатыбалды, «Мағжан» әдеби-көркем журналының бас редакторы Ж.Сүлейменов, Шымкент қа-

ласының әкімі Ф.Сыздықбеков, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актрисасы Д.Темірсултанова бар.

Ұлтаралық бейбітшіліктің дамуына сіңірген елеулі еңбегі үшін «Ел бірлігі» орденімен Қазақстан халқы Ассамблеясының

мүшесі С.Героев, күрдтердің «Барбанг» қауымдастығының төрағасы А.Алиев, «Мицва» қауымдастығының төрағасы А.Барон және «Динар-Электромаш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тең құрылтайшысы С.Вишняк марапатталды.

Еліміздің дамып, өркендеуіне елеулі еңбегі сіңген бір топ азамат, соның ішінде Алматы қаласындағы «Балдәурен» балаларды оңалту орталығы» КМК директоры Ш.Абесов, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Р.Бектұров, Астана қалалық Жас көрермендер театрының актрисасы С.Еслямова, скрипкашы Ж.Серкебаева, Қосшы қаласындағы мектеп-гимназияның директоры Д.Асқарова «Құрмет» орденімен марапатталды.

Бұдан бөлек, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да өндіріс салаларының жұмысшылары мен еңбеккерлері ІІ және ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен иеленді. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ғылым және мәдениеттің көрнекті өкілдеріне табысталды.

ӘДЕБИЕТ ПЕН
ӨНЕР ҮЗДІКТЕРІ

Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2024 жылғы мемлекеттік сыйлық иегерлері белгілі болды.

Мемлекеттік сыйлық ақын Светқали Нұржанға – «Көкірегім көне кітап» жыр кітабы үшін; жазушы Құлбек Ергөбекке – «Адамның бір қызығы бала дүгем» кітабы үшін; авторлық ұжым Әлібай Бапанов пен Сауле Банановаға – «Көшпенді фрескалар» киізден бастырылған паннолары топтамасы мен «Әлем өрнектері» гобелендер топтамасы үшін; суретші Жанұзақ Мүсәпірге – «Балалықтан даналыққа жол» топтамалар жинағы үшін берілді.

ӨРТҮРЛІ АТАҚТАРҒА
ИЕ БОЛДЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, ақын-жазушылар Т.Медетбек, В.Михайлов және И.Сапарбай «Қазақстанның халық жазушысы» атағына ие болды. «Қазақстанның халық өрнекті мәдениет қайраткерлері: театр және кино актерлері К.Жұмабековке, Л.Кәденге, О.Коржеваға, И.Лебсаққа, Р.Махпироваға, Г.Шынтөмірге және Ә.Ыдырышеваға, опе-

ра әншілері М.Мұхамедқызы мен Ж.Баспақоваға, дирижер А.Мұхитдинов пен күйші С.Тұрысбекке, сондай-ақ белгілі әнші М.Илиясоваға берілді.

Сонымен қатар быылдан бастап құрметті атақтар қатарына «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы қосылды. «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» акционерлік қоғамының бас директоры А.Байгенжин, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гематология орталығының басшысы В.Кемайкин және Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының дәрігері Б.Цхай жаңа құрметті атақтың алғашқы иегерлері атанды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайту кезінде көрсеткен ерлігі үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы І және ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен, ІІ және ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды. Атап айтқанда, суға батып бара жатқан адамды құтқарғаны үшін Р.Қошқарбаев атындағы ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының аға жауынгері Ж.Пермабек, «Ерлігі үшін» медалімен Павлодар облысы полициясының уәскелік аға инспекторы Е.Қойкен, Ақтөбе қаласының полиция инспекторы Ф.Нурманов, Талдықорған қаласының полиция инспекторы С.Серікәлиұлы, жасөспірімді өрттен құтқарғаны үшін Атырау қаласы полициясының уәскелік инспекторы Д.Қорғанбаев наградалды.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА
АЙРЫҚША МӘН БЕРІЛДІ

Жалпы биылғы мемлекеттік наградаларды тағайындауда қарапайым жұмысшылардың мәртебесін асыруға, еңбек әулеттерінің қоғамдағы абырой-беделін арттыруға айрықша мән берілді. Марапат иелерінің қатарында 450-ден астам жұмысшы, 137 педагог, 80-нен аса ғалым, 100-ге жуық құтқарушы мен ерікті бар. Еңбек династияларын марапаттау дәстүрі быыл да жалғасын тапты. Бұл жолы мұғалімдер, өндірісшілер, теміржолшылар әулеттері құрметке бөленді.

АСТАНА ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде есеп берілді.

Жеңіс Қасымбек қаланың барлық экономикалық көрсеткіші бойынша оң динамика байқалатынын айтты. Биылғы 9 айда тартылған инвестиция көлемі 1 триллион 140 миллиард теңгені құрады. Бұл – 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға жоғары.

Мемлекет басшысына жылыту маусымы жөнінде баяндалды. Былтыр «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясын, «Тұран» газ жылу станциясы мен үшінші жылу электр орталығының бірінші кезеңдерін пайдалануға

беру нәтижесінде қалада жылу қуаты алғаш рет артығымен өндіріле бастады. Аталған нысандар Астананы 1100 Гкал/сағаттан астам жылу қуатымен қамтамасыз етті. Жыл соңына дейін «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңін аяқтау жоспарланып отыр. Сол кезде шаһарға қосымша 250 Гкал/сағат жылу беріледі. Бұдан бөлек, Жеңіс Қасымбек қазір жалпы қуаты 970 Гкал/сағат болатын «Тельман» газ жылу станциясын салу және «Оңтүстік-Батыс» газ жылу

станциясын жобалау жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Президентке әлеуметтік нысандар (мектеп, қолжетімді баспана, медициналық мекемелер) салу, құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үйлерді аяқтау, тозығы жеткен апатты үйлерді бұзу жөнінде айтылды. Мысалы, Астанада жаңа оқу жылына жоспарланған 24 мектептің 15-і пайдалануға берілді. Оның ішінде 9 білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерді.



Жаңа жылға дейін 4,5 мыңға жуық орынды қамтамасыз ететін 6 студенттік жатақхана салу жоспарланған болатын. Бүгінде оның төртеуіне студенттер орналасқан. Қала

әкімінің айтуынша, елордада 170-ке тарта аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылып, 70-тен астам көше жөндеуден өткен. Сондай-ақ миллион тұп ағаш пен жасыл желек егу

жоспарланып отыр. Кездесу соңында Президент елорданы одан әрі дамыту, көлік инфрақұрылымын нығайту және көріктендіру бойынша бірқатар тапсырма берді.

№127-128 (4716) 24/10/2024 Бейсенбі

АСТАНАЛЫҚТАРДЫ МАРАПАТТАДЫ



Республика күні қарсаңында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек салтанатты жиын өткізіп, елордамыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жағынан дамуына зор үлес қосқан бір топ азаматқа Президент Жарлығымен мемлекеттік наградаларды тапсырды.

«Биыл – бас қаламыз үшін табысты да айтулы жыл. Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен және сіздердің әрқайсыларыңыздың күш-жігеріңізбен елордада үлкен жобалар іске асты. Мәселен, биыл Астанада күллі әлем көз тіккен ШЫҰ саммиті, Дүниежүзілік көшпенділер ойыны сияқты ірі

ірі оқиғалар болды. Осындай іс-шаралардың арқасында біз қаланың инфрақұрылымын барынша жетілдірдік. Барлық салада даму мен өркендеу бар екені айқын көрініп тұр. Әсіресе әлеуметтік саланы дамытуға ең алдымен назар аударып отырмыз. Бұған дейін де қаншама жұмыс атқарылды. Жыл

соңына дейін бірнеше нысанды ашамыз. Бұлардың бәрі сіздер сияқты еңбек адамдарының қажыр-қайраты, жақсылыққа деген ұмтылысы арқылы жүзеге асып отыр. Республика күні қарсаңында баршаңызды ұлттық мерекемізбен құттықтай отырып, Президенттің атынан мемлекеттік наградаларды тапсыруға рұқсат етіңіздер» деді Ж.Қасымбек.

Қала басшысының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алған белгілі композитор Кентау Назарбек Республика күнінің маңызы жылдан-жылға артып келе жатқанына тоқталды.

«Бүгінгі жас ұрпақ ертең елге, жерге ие болу үшін, ең алдымен, адал еңбек етуі керек. Санасы ояу, рухы азат елдің баласы ғана өз қаласын, елін өркендетуге үлес қосады. Бақ қаламыз – Астанамыз күннен-күнге гүлдене берсін!» деген тілегін жеткізді К.Назарбек.

Елорда әкімі «Қазтұтыну одағы» жоғары сауда-экономикалық колледжінің директоры Мырзабек Күжімовке «Құрмет» орденін, Астана қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мейрамбек Төлекпаев пен «Astana aqshamy» газетінің шеф-редакторы, Президенттің БАҚ саласындағы сыйлығының биылғы лауреаты атанған Төлен Тілеубайға «Ерен еңбегі үшін» медалін салтанатты жағдайда табыс етті. Сондай-ақ марапатталғандардың арасында дәрігерлер, мұғалімдер, жұмысшылар, кәсіпкерлер, ғалымдар, құқық қорғау саласының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, әртістер болды.

БАЛҒЫН СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ

Биыл Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығы кең көлемде тойлануда. Осыған орай, Астанада бірнеше іс-шара өтті. Соның бірі – балалар арасындағы сурет байқауы.



Шығармашылық жарысқа 70-тен астам оқушы қатысқан. Қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау оңайға соқпағанын жасырмады. Жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне қатысқан Астана қаласы мәслиха-

тының төрағасы Ерлан Каналимов барлық жеңімпазды құттықтап, депутаттық корпус атынан белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді. Нәтижесінде Дәрия Абдрахман гран-при иегері болса, байқаудың жеңімпазы атанып, 200 мың теңге сыйлығын Са-

тига Ахмедьянова иеленді. Ал екінші орын мен 150 мың теңгелік сертификатты Алуа Булатова мен Әдия Садуақасова өзара бөліссе, үшінші орынды және 100 мың теңгенің сертификатын Назым Қайырбекова жеңіп алды.

ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕС БЕРДІ

Астана қаласы әкімдігінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жанынан құрылған «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының кезекті отырысы өтті. Отырыста басшы лауазымына алғаш тағайындалған Астана қаласы Энергетика басқармасының басшысы Нұрлан Купешовтің, Астана қаласы Коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Сыздықовтың атқарылған жұмыстар туралы есебі және жоспары тыңдалды.

Райхан РАХМЕТОВА

Аталған кеңестің жалпы міндеті – лауазымды қызметке тағайындалған басшылардың кәсіби дағдысын дамыту және жаңа жұмысқа бейімдеуге жәрдемдесу, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілер арасында рухани-адамгершілік бағдар және құндылықтардың тұрақты жүйесін қалыптастыру. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы

Мақсат Мусиннің пікірінше, қазіргі буын басшылар үшін мемлекеттік қызметте бұрын болған ардагерлердің үйлесімді жұмысы сабақтастықты дамытуға және жұмыстың тиімді әдістерін сақтауға септігін тигізеді.

– ҚР Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, жаңа мемлекеттік қызмет сервистік сипатта, артық бюрократиясыз жұмыс істеуі керек. Тұжырымдаманың негізгі аспектісі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыретін арттырып қана қоймай, олардың адамгершілік қасиетін күшейту, моральдық-этика-

лық қағидатты қатаң сақтау қажеттілігі. Осыған орай, мемлекеттік қызметте көп жылдық тәжірибесі бар тәлімгерлердің ұсыныстары басшылар үшін өте маңызды болады, – деді М.Мусин.

Екі жаңа басшының баяндамасын тыңдап болған соң тәлімгерлер өз тәжірибелеріне сүйене отырып, жұмыстың тиімді әдістері туралы ұсыныстарын айтты және сұрақтарын қойды.

– 1991 жылдан бастап мемлекеттік қызмет атқардым. Зейнетке шыққаннан кейін де бірқатар жұмыста еңбек еттім. Қазіргі таңда құрылғанына көп бола қоймаған Тәлімгерлер кеңесінде өз білгеніммен бөлісудемін. Бұл орган – біздің қоғамдағы жаңа институт. Кеңестің барлық отырысына үзбей қатысамын. Жас басшыларға айтарым – адалдық, парасаттылық, мәдениеттілік, әдептілік сынды асыл қасиеттерді ту етуден танбаңыздар, сонда абырой биігінен түспейсіздер. Бұл қасиеттер бойында бар басшының мекемесінде жемқорлық та болмайды, заң да дұрыс орындалады, – деді Қ.Тоқышев.



Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – еліміз үшін аса маңызды күн. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстан әлемге өз егемендігін жариялап, жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалауға кірісті.

Бұл күні біз халқымыздың бай тарихын, жеткен жетістіктерін және еңсерген қиындықтарын құрметпен және мақтаныспен еске аламыз. Қазіргі заманғы Қазақстанның құрылысы – әрбір азаматтың еңбегінің, әр ұрпақтың қосқан үлесінің нәтижесі. Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы жетістіктерімен, халықаралық аренадағы табыстарымен мақтанамыз.

Осы мерейлі мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен келісім, еңбекте табыс, жаңа жетістіктер, тұрақтылық пен бірлік тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлдене беруіне тілектеспін!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті астаналықтар, елорда ардагерлері!

Сіздерді еліміздің басты мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің мемлекетіміздің күші – көпұлтты халқымыздың бірлігі мен өңірлердің мықтылығында! Бүгінде Қазақстан Республикасы – қуатты және қарқынды дамып келе жатқан ел. Болашаққа нық сеніммен қадам басқан Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы мен беделі жыл сайын артып келеді. Оның қазіргі барлық жетістігі мен табысы – аға ұрпақ пен олардың жолын сабақтастықпен жалғастырған бүгінгі буынның еселі еңбегі мен берекелі-бірлігінің жемісі. Ең бастысы, мәдениет, руханият, ұлттық бірегейлік сынды басты құндылықтарымыз жаңғыруда. Отбасы институты, үлкенге құрмет, отаншылдық қасиеттер сақталуда. Бұл – біздің болашағымыздың мызғымас негіздері.

Мереке қарсаңында барлық бастамаларыңызға сәттілік, зор денсаулық, бейбітшілік, отбасыларыңызға амандық, Қазақстан Республикасының одан әрі өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толайым табыстар тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті астаналықтар және елорда қонақтары!

Баршаңызды 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – халқымыздың еркіндік пен бірлікке деген ұмтылысының, тәуелсіздік жолындағы маңызды қадамдарының символы. Ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге егемендік сыйлаған, халқымыздың рухын көтеріп, бірлігімізді бекемдеп, елдігімізді нығайтатын ұлы мереке!

Бостандық пен еркіндіктің бастауы болған тарихи думанда көк байрағымыз көгімізде асқақтап, еліміздің келешегі кемел, іргесі берік заман болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға ынтымақ-береке, істеріңізге абырой мен сәттілік тілеймін!

Құрметпен,
Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы



ЕРТЕҢІ НҰРЛЫ ЕЛ

Елорданың Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясында Республика күніне орай «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел» атты іс-шара өтті. Іс-шарада ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынова ұрпағының атынан мектепке киіз үй сыйға тартылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Жиынға қалалық Білім басқармасының, мектептің қамқоршылық кеңесінің өкілдері, ақын ұрпағы мен оқушылар қатысты. Іс-шара барысында ақынның өз елінің адал патриоты, жоғары білікті аудармашы, талантты публицист болғаны туралы естелік әңгімелер айтылды. Оқушылар арасында тоғызқұмалақ және асық ату ойындары өтті.

«Мектебімізге Фариза Оңғарсынованың ұрпағы сегіз қанатты ақ киіз үйін тарту еткен еді. Атаулы сыйдың да тәрбиелік мәні ерекше. Жаһандық дәуірде салт-дәстүрімізден, тілімізден, түп тамырымыздан ажырап қалмай, оны жас ұрпақ арасында дәріптеп, нығайта түсу мақсатында елордалық орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асып келеді. Бағдарлама аясында ұлттық құндылықты оқушылардың бойы-

на сіңіруде киіз үйдің орны айрықша. Ақын ұрпағымен тығыз байланыстамыз. Бұдан әрі де ақынның 85 жылдығын республикалық деңгейде атап өту мақсатында жаңа жобаларды жүзеге асырамыз» деді өз сөзінде мектеп директоры Нұрлан Исаков. Фариза Оңғарсынованың есімі аталған мектепке 2021 жылы берілді. Бүгінде бір ауысымды және тек қазақ тілді оқу ошағында 1682 оқушы білім алады. Білім ордасындағы Фариза Оңғарсынованың бұрышы, конгресс-залы мен арнайы кабинетте оқушыларға арналған шығармашылық кештер ұйымдастырылып отырады.

«Мектеп – достық пен білімнің шаңырағы. Сондықтан бұл білім ошағына әкем бастап тарту еткен сыйымыз оқушы игілігіне жұмсалады деген сенімдемін. Әжемнің абырой-беделі баршаға мәлім. Ал оған сай болу біздің парызымыз деп білемін» деді ақын немересі Аслан Махизов.

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ



Марат МҰСТАФИН,
Астана қалалық
Қоғамдық кеңесінің
мүшесі,
Алматы ауданы
Ардагерлер кеңесінің
төрағасы:

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН ЕЛМІЗ

– Түп тарихымыздың түбін түркіге барып тірелетін дәуірлерден тартпай-ақ, өз алдымызға ел болып, Қазақ хандығы құрылған 1465 жылдардан кейінгі өмірімізден іздесек те кезінде біздің кім болғанымызды тану қиын емес. Әр күнін аттың жалы, түйенің қомында өткізген қазақтың ғұмыры жаугершілікпен, дархан даламызға көз тіккен жауын іргеден аулақ қуумен өткен ата-бабамыз азаттық үшін басын қатерге тіккен алмағайып замандарда ұлт тағдыры жолайрыққа тірелген сындарлы сәттер аз болмаған. Бірақ халқымыз одан жасымады. Сөнбеген үміт, мұқалмаған жігер, жоғалмаған сенім ата-бабаларымызды үнемі алға жетелеп, ұрпақтары бүгінгі бейбіт өмірмен қауышты. Соның бір дәлелі – бүгінгі Республика күні деп айтуымызға әбден болады. Шын мәнінде Республика күні ол – біздің ұлттық намысымыздың ұясы.

Алайда бұл мерекенің де атап өтіліп жатқанына көп болған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда 25 қазанды еліміздің басты мерекесі ретінде атап өту жөнінде бастама көтеріп, тиісті заңға қол қойған болатын. Міне, содан бері бұл мереке біздің елімізде қайта жан-данды. Өйткені бұған дейін 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні елімізде ұлттық мереке ретінде тойланып келген еді. Сол жылында Мемлекет басшысы: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-ін жыл сайын еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын» деп, Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтарудың мән-маңызын ашып көрсетті. Осылайша Президенттің бастамасымен Республика күні ұлттық мерекесі бірнеше жылдан кейін елімізде алғаш рет қайта аталып өтті. Міне, енді тағы да аталып өтіп жатыр. Бұл шын мәнінде тарихи санамыздың жаңғыруы, ұлттық мерекемізді ұлықтаудың ең озық үлгісі деп тануымыз керек. Тіпті мұны еліміздің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның сымволы деп түсінсек те артық болмайды.



Соңғы жылдары Астана қарқынды дамып, заманауи әрі адамдардың өмір сүруі үшін жайлы қалаға айналып келеді. Тұрғын үй құрылысымен қатар мұнда халыққа қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық нысандар көбейді. Әсіресе, жасыл алаңдар мен гүлзарлар, көз тартар көрікті көшелер шаһарға сән беруде. Солардың арасында Астананың ажарын айшықтап тұрған Республика даңғылы қаланың бұрынғы бөлігіндегі басты даңғыл саналады.

РЕСПУБЛИКА ДАҢҒЫЛЫ – ЕСКІ ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

ЕҢ АЛҒАШҚЫ КӨШЕЛЕРДІҢ БІРІ

Бүгінде Астананың ескі орталығы мен Есіл өзенінің сол жағалауында орын тепкен жаңа қаланы жалғап тұрған Республика даңғылы елорданың күретамыры іспеттес.

Бас қаладағы Республика даңғылы Жұмабек Тәшенов көшесінен басталады. Абай, Бөгенбай батыр даңғылдарын және Ә.Ысмайылов, Жәнібек Тархан, Ағыбай батыр, А.Иманов, Кенесары, Отырар, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, Ы.Дүкенұлы, Ә.Молдағұлова, І.Есенберлин көшелерін қиып өтіп, И.Гете көшесінде аяқталатын даңғылдың жалпы ұзындығы – 4159 метр.

Елордамыздың өткені, бүгінгі және болашағын бейнелейтін бұл көшенің тарихы көне ғасырдан басталады. Алғашқыда ол Больничная, содан кейін Пушкин көшесі, ал 1979 жылдан 1997 жылға дейін Тың игерушілер даңғылы деп аталған.

Республика даңғылы деген атау 1997 жылы берілді. Бұған дейін ол Целинниктер көшесі болып келген. Өйткені 1950-1960 жылдардағы тың игеру кезінде Сарыарқа еңбекшілері ерекше көзге түседі. Олардың құрметіне даңғылдың Бараев көшесімен қиылысатын бас жағында К-700 тракторының ескерткіші орнатылған еді. Сол бір жылдары ауылдан шығып, ұзақ жүргеннен кейін қарсы алдынан осы ескерткіш көрінгенде «алақай, қалаға келдік» деп қуанушы еді-ау көп бала. Қазір оның орнында қазақ даласының ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі Әскери тарихын айғақтайтын жәдігерлер топтастырылған Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Әскери-тарихи музейі тұр.

Астанадағы ең алғашқы көшелердің бірінде Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» сарайы орналасқан. 1976

жылы салынған мәдени ғимаратта сахнасы ауысып тұратын 1200 орындық көрермендер залы, көлемі 18x36 м, 400 орындық әмбебап спорт залы, көрермендер галереясы және трамплинді жүзу бассейні, 150 орындық жастар кафесі және басқа да қосалқы құрылыстар бар. Жалпы ауданы 76840 шаршы метр сарайға төрт жағынан кіруге болады. Оған қарама-қарсы тұрған «Турист» қонақ үйінің ғимараты өз уақытында ерекше сәулетімен, биіктігімен және лифтінің болуымен ерекшеленді.

Бүгінде «Абай» деп аталатын осы қонақ үйдің жанындағы, «Жастар» сарайына қарама-қарсы Халықтар достығы монументі және оның айналасындағы субұрқақтар қалаға ерекше сән беруде. Биіктігі сегіз метрлік ескерткіште тостаған, оның ортасында қоладан жасалған үш фигура аспанға қаратып, бейбітшілік пен келісімді бейнелеп тұр.

ІЗДЕГЕННІҢ БӘРІ БАР

Республика даңғылының бойында адам баласына қажеттінің бәрі бар. Сәнді киімдер мен аяқ киім, зергерлік бұйымдар, үйге арналған тауарлар, түрлі кадесыйлар, спорт және шығармашылық заттарын даңғыл бойында бір-біріне жақын орналасқан «Музыка әуесқойы», «Француз үйі», «Талисман», «Диона», «Есіл» және «Сұңқар» дүкендерінен табуға болады.

Мұнда «Халық банк», Сарыарқа ауданының халыққа қызмет көрсету орталығы, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, Константин-Есенин шіркеуі және т.б. мекемелер шоғырланған.

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА БЕЗЕНДІРІЛГЕН

Астанаға ерекше көрік беріп тұрған даңғыл бойындағы бес қабатты үйлер сол қалпы сақталған. Тек, елорданың 10 жылдығына орай әкімдік қалаға сый тартуды шешеді. Сөйтіп, 2006 жылдың аяғына қарай арнайы байқау жариялап, көшенің бойындағы әкімшілік ғимараттар мен мәдени орындардың сырты қайтадан қапталды, тұрғын үйлердің келбеті классикалық сәулет өнеріне тұңғыш болып ұлттық нақыш енгізілді.

Сол тұста сәулетшілер классикалық архитектура стилінің заңдылықтарын

сақтай отырып, үйдің бұрышына ата-бабамыздан қалған сандық тастарды оюлап қосу арқылы элементтерді толықтырып жасап шығарды. Қазір бұл үйлердің төбесі қазақтың қалпағы іспеттес болса, балкондары белдік үлгісінде безендіріліп, әр үй әртүрлі оюлармен өрнектелген.

Есіл өзенінің екі жағалауын жалғап тұрған көшенің келбеті күн өткен сайын көркейіп келеді. Қала тұрғындары мен елорда қонақтары қазіргі заман талаптарына сай түгелдей абаттандырылған көше бойымен серуендегенді ұнатады.

Әсіресе, кешкі мезгілде және мереке күндері даңғыл аса әдемі әрі қауіпсіз. Өйткені бұл жерде «Астана – жайлы қала» жобасы аясында адамдардың жаю жүріне ыңғайлы демалыс аймақтары жасалып, тротуарлар кеңейтіліп, плиткалар ауыстырылды, бейнебақылау камералары орнатылып, жаңа ағаш орындықтар, шойын шамдар, торлар,



урналар қойылды. Бәрі де тұрғындардың өмір сүруі үшін ыңғайлы етіп жасалған.

Қаланың ескі бөлігіндегі ең танымал және адамдар көп жүретін көше бойындағы демалыс орындары қашан да келушілерден босамайды. Бұл жерде жылдың қай мезгілінде де тірлік қызу қайнап жатады. Қозғалыс күні-түні тоқтамайды. Бастысы, бұл маң қашан да мұнтаздай тап-таза.

Халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке қарсаңында елорда жастары, «Менің елім – менің туым!» челленджін ұйымдастырды. Соның аясында бұл күндері Республика даңғылының бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің балкондарында еліміздің көк байрағы желбіреп тұр.

Жыл сайын өткізілетін осындай маңызды іс-шара жас ұрпақ санасында отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсері анық.



Күләш АХМЕТОВА

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да,
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.
Бір нәрсе жетпейді деу қате болар,
Өзіңдей ұлан байтақ далам барында.
Паң далам – Қазақстаным!

Сен барда ғажап шебер, ғажап ұстамын,
Түсінем өзендердің саз-ағыстарын.
Қырандар қанатында даңқы кеткен
Ғазалым – таусылмайтын таза нұсқалы.
Ән далам – Қазақстаным!

Сен менің шұғылаға толған даламсың,
Жасампазым, сан асу жолдарды аларсың.
Бабамның көздерінің қарашығы ең,
Баламның бақытына да қорған боларсың.
Жан далам – Қазақстаным!

Керемет өріледі гүл өңірде өлең,
Кезің қандай өрік пен шиі гүлдеген!
Дарқандығын сезініп, еркін басып,
Өмір сүргім келеді, ұлы елімде мен!
Кең далам – Қазақстаным!

Светқали НҮРЖАН

Ереуіл күнді еске алдық,
Қоңыр да салқын төске алдық.
Көз жазып қалды көшімнен –
Кезеңнен мені тосқан жұт.
Күнесте қосын қондырды,
Беймезгіл шошып босқан жұрт.
Жеті қат тоңды жібіткен,
Жеті тоғыс боп деміккен –
Аңсатып жеттің, бостандық!
Шаршатып жеттің, бостандық!
Арылып жаным зар-мұңнан,
Тазарып тәнім зәр-жыннан,
Қайтардым есе, ес жиып,
Қапымды тапқыш малғұннан.
Сарсаң боп санам, санды ұрған
Көзіме тұман таңдырған,
Бергімнен белгі біле алмай,
Ала алмай дерек аргымнан –
Кезімде таңды таңға ұрған –
Қарғып бір өтіп қарғыннан,
Алаулап асып жал-қырдан,
Ақ таңның қызыл қаны боп,
Азаттық! –
Шықтың алдымнан! –
...Сайлардан сүйік суырып,
Көлдеуден тарттым балдырған.
Алдыңнан шықтым той тойлап,
Алақайладым айқайлап.
Реңі қашқан түр-өңім –
Түледі, қаны қайта ойнап.
Атандық ұлық сапарға
Өзіңе жолды бастатып,
Бастырып қаз-қаз, тәй-тәйлап.
Андап бас әрбір қадамды,
Қыр құрғақ болса, ой – тайғақ.

Көтеріп алып басты асқақ,
Жөнелдің өзің көш бастап.
Сүріндірмек те болады –
Кейбіреу көзі қан сасып,
Тісінен улы зәр шашып,
Жолыңа сенің тас тастап.
Жат қабақ тұрса түйіліп,
Кегеді жүрек жиі ұрып.
Қояр ма жанды шоршылтпай,
Нұр жүзді, шекең торсықтай
Күндейді дұшпан күйініп...
Тамырым кеуіп талғыып,
Созылып сіңір салғыып,
Зарығып көрген, жарығым! –
Қыршыннан кетпе қиылып.
Тілеуің тілеп жатамын –
Пірлерге бағзы сыйынып.
Жүзіңе тұрған нұры аңқып,
Қараймын қанбай құмартып.
Көзіңнен көшіп жатады
Жырақтағы арман мұнартып.
Қайыстырдық па белінді –
Қабырғаң қатпай зіл артып? –
Шындықтың шырқау шыңына
Жұрттыңның жүгін шық артып.
Көтерілгесін еңсе тік,
Жол шетін қиялға өлшетіп;
Болашақ деген өлкеге
Барамыз сені елші етіп.
Жолыңды кеткен бабалар
Қанымен сызып көрсетіп.
Наласын, мұңын, қайғысын,
Байрағын, жырын, бәйгең –
Тастапты саған енші етіп!
Толғатып таптық мың жылда,
Көгімнен енді жыр жырла. –
Бәйтерек – елдің бұтағын
Қыламыз уя бұлбұлға.
Құрықсыз құлан үйретіп,
Тарпанды тағы – құр-құрла!
«Күнінен безген құлғанақ» –
Құлыбын салсын Ындыңға.
Азаттық жолы тайғанақ,
Кетпегің құлап құрдымға!
Көктем боп келсең бұлтың бер,
Жаз болсаң жайнап нұр түндер...
Күз болсаң егер қоныс бер,
Жеміс бер менің жұртым жер.
Қыс болсаң, көне, сілкін кел!
Түрленсін, айна – көлдерім
Тоңаңын қармен сүртінген.
Тон киген тоңның түнегін
Бәйшешек жатыр түртінген.
...Сабылып тапқан қонысты,
Талығып татқан жемісті,
Сағынып көрген жеңісті
Кетпесін жалмап құлқын-көр!
Тамырдан ақсын от қайнап,
Болмасын төсек жатқа аймақ.
Құсжолыменен жүйткісін,
Астыңа мінген Көкмойнақ.
Шашылып түссін жұлдыз – тер,
Жалына қызыл шоқ байлап.
...Аспанмен кеткей астасып –
Қолыңа алған көк байрақ!..

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ

«Отаным, саған айтамын!»
Мұқағали

Өлсем сенің босағанда өлемін,
Ақындарын ардақтаған өр елім.
Иесі бар иттер талап жатса да,
Киесіне шағынбаған бөрі едім.

Тозаң басқан тарихымды тозбасқа,
Ниет қылып күнде шалам бозқасқа.
Ұл қыламын десең сенің құлыңмын,
Құл қыламын десең егер... сөз басқа!

Қақпадағы қақпан боп,
Жауымды да бірінші боп атқам жоқ.
Әлдеқандай күн туғанда басыма,
Әлдекімдей Отанымды сатқам жоқ.

Ханның кенже баласындай ұл едім,
Ауырады жүрегім.
Бас қалада баспанасыз Қасымдай,
Қаңғып жүріп тілеуіңді тіледім.

Мұң жоқ менің мұңымдай,
Шыбын жаным шырылдайды шыбындай.
Саған қарап оқырана беремін,
Қасқа айғырдан төбел туған құлындай.

Қалқаман САРИН

Уа, Отаным, менің жалқы-жалғызым,
Көру бақыт сендегі атқан таң жүзін.
Тәуба, талай жемісіңді жегіздің,
Тарықтырмай, зарықтырмай нанға үзім.

Уа, Отаным, менің мақтан тұтарым,
Бас иетін қасиетім, құт-арым.
Қымбат жасыл жапырағың, бұтағың,
Құндақ асыл топырағың, жұпарың!

Уа, Отаным, менің арқа сүйерім,
Сенсең, сендік қаным, қаңқа-сүйегім.
Жұлдызыңа, бір қызыңа ғашықпын,
Бірақ сүйсем, сені ғана сүйемін!

Сен мен үшін бәрін бердің бақыттың,
Сенде ғана ай сәулелі жаһұт – түн.
Саған деген махаббаттың өлшемі,
Сыймайды ешбір уысына уақыттың.

Ал мен сен деп отқа түспей, оқ атпай,
Ар-ұяттан қызарамын тағы оттай.
Керегіңе жарап жүрсем жетер-ау,
Беделіңе бір ауыз сөз жолатпай!

Сүйемін! – деп сені алдаған сөз гәріп,
Киелім! – деп көре алмаған көз гәріп.
Өзегіңді жарып шықпай өз ұлың,
Қадіріңе жете алмайды өзге анық.

Уа, Отаным, өзің барда өр еңсем,
Сенде өлем,
Сенде көрем, не көрсем.
Бар жақсыңды маған беріп келесің,
Бір жақсылық көрмесен де менен сен!
...Уа, Отаным, құдіретіңде жоқ өлшем!

Алмат ИСӘДІЛ

Бір Алла атты теңдессіз ғажап Ұстаның,
Бойына жиған имани тазалық нәрін.
Төріңе қанша төңсе де қара дұшпаның,
Болашағы үшін бастарын бәйгеге тігіп,
Қорғады сені серт беріп сан арыстарым –
Қазақстаным!

Төндіріп тағы басыңа қара бұлттарын,
Тарихтан білем ұлтымның жан ауыртқаның.
Ұрпақтарыңның бұлғаған балалық шағын,
Қариялардың ұрлаған даналық шамын,
Замандар да өтті-ау, жататын тоналып бағың –
Қазақстаным!

Өмір-өзеннің бұлқынған долы ағыстарын,
Елең де қылмай, еңкеймей, алабұртпадың.
Қап-қара жерге қып-қызыл көп ағып қаның,
Ақырып теңдік сұрап ең, Алашынды айтып,
Ақыры келіп қолына жалау ұстадың –
Қазақстаным!

Босатып тордан зарыққан дала құстарын,
Алдыңнан атты нұр шашып, ағарып таңын.
Соның үшін де қолыма қалам ұстадым...
Жүрегімменен жүремің үнемі сезіп,
Бойыңда сенің асқақ рух, дара күш барын –
Қазақстаным!

Мирас АСАН

Отан десем санамдағы ой керім,
Отан десем кеудемдегі бай кенім.
О, осынау төрт әріп сөз аманда,
Төрт құбылам, төрт тарабым сай менің.

Отан десем жанардан от лапылдар,
Отан десем жүректен жыр лақылдар.
Маңырайды өрісіне қарап мал,
Бақа да өз батпағында бақылдар.

Отан үшін небір сынға төз ірі,
Отан деген, Отан деген сөз ұлы!
Қыран дағы қиясымен айбарлы,
Жыланға да Мысыр шаһар өз іні.

Отан деген сөзде ғажап сабыр бар,
Отан деген сөзде ғажап әмір бар.
Кіндік кесіп, кір жуған бұл даланың,
Әр тасында тарих, тағдыр, тамыр бар.

Отан барда ішім-сыртым тоқ, бүтін,
Отан жоқ па, менде де онда жоқ күтім.
Туған жерге махаббаттай жоқ ыстық,
Туған үйдің түтініндей жоқ түтін.

Отан десем жайдақ су да гүрілдер,
Отан десем нұға айналар құмым, көр.
Адамға ыстық атамекен деген сөз,
«Шеңгел де өз Отанында дүрілдер».

Мирас еткен гүң, көк түрік, сақ бабам,
Бұл мекенді оттан, оқтан сақта аман!
Аспандағы Күнді өлшейтін баға жоқ,
Отанды да өлшей алар жоқ бағам!

№127-128 (4716) 24/10/2024 Бейсенбі

АДАМ БОЛАМ
ДЕСЕҢІЗ...

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметов те «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиісті. Бұл рухани қажеттілік» деген болатын. «Толық адам» ілімі негізіндегі жас ұрпақты тәрбиелеудің де басты мақсаты – жастарды рухани кемелдендіру арқылы қоғамды жетілдіру.

– Мемлекет басшысы айтқан «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» үлгісіндегі негізгі құндылықтар қазіргі уақытта Астананың білім беру мекемелерінде, оқу ордаларында, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында нәтижелі жүзеге асырылуда. Мысалы, №4 «Аружан», 8 «Думан», 16 «Шағала», 17 «Ер-тәстік», 18 «Аяжан», 27 «Балауса», 28 «Жұлдыз», 32 «Балдаурен», 39 «Меруерт», 49 «Алтынай», 50 «Жұлдыз», 56 «Береке», 59 «Аққанат», 78 «Асыл», 79 «Шабыт», 81 «Әсемгүл», 86 «Зияткер», 91 «Еңлік», 98 «Мирас» мектепке дейінгі ұйымдарында сәтті іске аса бастады, – дейді Астана қаласы Әдістемелік орталық басшысы Сындыр Дауешова.

Сындар Мұратқызының айтуынша, ұлттық құндылықтарды және салт-дәстүрді насихаттау жұмыстары бағдарламаға сәйкес жүргізілуде. Сол сияқты тәрбиешілердің бастамасы бойынша Абай бұрышын ұйымдастыруға ақыл-кеңестер беріліп, күнделікті өмірде маңызды тақырыптармен де ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қоғамдағы өзекті тақырыптарға мысалы, «Буллинг», «Суды үнемдеу», «Энергия үнемдеу», «Тағам үнемдеу» сияқты маңызды мәселелерді ортаға салып,

АБАЙ АМАНАТЫ

Қазіргі уақытта қоғам Абайдың «толық адам» іліміне ерекше көңіл бөле бастады. Қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту әрі тәрбиелеу аса маңызды, ұлы Абайдың «Толық адам» ілімін зерттеп, зерделеп болашақ ұрпаққа тәрбие беру бүгінгі күннің басты мәселесі екенін ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында баса назар аударып айтқаны мәлім. Осы мұратты жүзеге асыру барысында Астананың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Абай аманаты» эксперименттік алаңы жұмыс істеуде.

талқылап, жас өркеннің ой түйіп, өмірден адаспай жол табуына жәрдемдеседі.

«ТОЛЫҚ АДАМ» БОЛУДЫ АБАЙДАН ҮЙРЕНУ

– Әдістемелік орталық ұйымдастырған «Профессор сабағы» жобасы аясында «Абай аманаты» атты оқыту семинарлары 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие – ұлт жетістігі» атты

бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес өткізіліп, қыркүйек айынан бастап маңызды іс-шара ретінде жүйелі жүргізілуде. Бағдарлама мазмұнына сәйкес құндылықтарға негізделіп жоспар түзіліп, ауқымды жұмыс жасалып жатыр, – дейді Сындыр Дауешова.

«Абай аманаты» эксперименттік алаң барысында мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлы ақынның баға жетпес

мол мұрасын санасына сіңіріп, өскелең ұрпақтың ұлттық рухы мен патриоттық сезімдерін ояту мақсатында алғаш рет мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Тәуелсіз Қазақстан бұлдіршіндерінің – Абай деп соққан жүрегі» атты балабақша тәрбиеленушілеріне арналған қалалық байқауы өткізілді. Байқауда бұлдіршіндер Абай Құнанбайұлының өлеңдерін мәнерлеп нақышына келтіріп



орындап, іс-шара барысында өрендер патриоттық сезімдерін, ұлтына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін көрсетіп, көпшіліктің ықыласына бөленді. Байқау кезінде көрме ұйымдастырылып, көріністер қойылды.

– Ұлы ойшыл, әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби адами құндылықтарды айта келе, «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген қағидасы, дана ойшылдың білім мен тәрбие жөніндегі ілімдері бүгінгі күні өзінің маңызын жойған емес. Осындай көзқарасты дамытып, өзінің шығармаларына арқау еткен қазақтың дана

ойшылы, ұлы данышпаны Абай Құнанбаев екені – бар қазаққа мақтаныш, үлгі, өнеге. Дана Абай атамның қара сөздері, мақал-мәтелдері, өлеңдері тұнып тұрған тәрбие, – дейді Сындыр Мұратқызы.

Әдістемелік орталық басшысының айтуынша, қазақтың біртұтас тұлғасы, ақыны, ойшылы – Абай бабамыздың қалдырған мол мұрасын жас бұлдіршіндерді тәрбиелеу, оларға ұлттық сана-сезім және патриоттық жоғары сезімдерді қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жоспар бойынша атқарылып жатыр. Бұл істе елорда мектептері еліміздегі оқу ордаларына үлгі болуы тиіс деп есептейді.

P.S: Бүгінгі күні Абай үлгісінде болашақ ұрпаққа саналы да салықалы рухани тәрбие беріп, «ыстық қайратты», «нұрлы ақылды», «жылы жүректі» жас ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздар мен тәрбиешілер алдында тұрған үлкен міндет. Өсіп келе жатқан ұрпаққа парасат дәнін ексек, ел ертеңіне алаңдайтын, мемлекетін сүйетін жастар өсіп шығары сөзсіз.

МЕКТЕПТЕГІ ЧЕМПИОНДАР

Астанада Республика күніне орай қалалық Білім басқармасының қолдауымен Qazaq kuresi ассоциациясының және №106 орта мектебінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында қазақ күресінен тұңғыш рет «JAILY MEKTEP BARYSY-2024» жарыс турнирі өткізілді.

Жарысқа қатысуға 150 оқушы өтінім берген. Қатысушылар 10 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Екі күнге созылған жарыста «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан, ең үздік нәтиже көрсеткен 20 оқушы турнирдің финалдық кезеңіне жолдама алды. Қала мектептері арасында өткен турнирге халықаралық, республикалық деңгейде еліміздің көк байрағын желбіреткен танымал жеңімпаз спортшылар, жаттықтырушылар, спорт шеберлері төрелік етті. Қазақ күресінен ел спортшы-

ларының жеткен жетістіктері аз емес, ал мектеп табалдырығын аттаған жас өрендердің ұлттық спортқа деген қызығушылығы шынында да бізді айрықша тамсантады.

– Бұл сайыс маған қатты ұнады. Себебі бұл турнир біздің мүмкіндіктерімізді саралап, тағы да дайындықты күшейту керектігін ұғындырды. Мен бірнеше дүркін лига ойындарының жеңімпазымын, финалға жолдама алғанымна қуаныштымын, маған осы спорттың түрі ерекше ұнайды, бізді қолдаған ұстаздарымызға, жаттықтырушымызға алғыс айтамын. Алдағы

уақытта да ірі жарыстарға қатысып, еліміздің байрағын көкке жеткіретсем деймін, – дейді оқушы Нұрислам Бейсенғали.

«JAILY MEKTEP BARYSY-2024» іс-шарасының басы-қасында жүрген Нұрсұлтан Болат – Қазақ күресінің «Қазақстан Республикасының спорт шебері», республикалық бірнеше жарыстың жеңімпазы, бүгінде №106 орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, қазақ күресіне қатысушы оқушылардың бапкері болып жұмыс істейді. Жаңа жайлы мектепке алты жылдық бапкерлік тәжірибемен келіп отырған спортшы.



– Мектебімізде қазақ күресі залы бар, жаңа оқу жылынан бастап оқушыларды қабылдап, спорттың қыр-сырын үйреніп жатырмыз. Осы турнирге қаламыздағы 23 мектептен 130 бала қатысты. Қалалық дең-

гейде өткен жарысты алдағы уақытта республикалық деңгейде ұйымдастырсақ дейміз, – дейді турнирді ұйымдастырушылардың бірі Нұрсұлтан Бауыржанұлы.

Турнирдің ашылу салта-

натына Астана қаласы Білім басқармасынан, Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығынан Садық Аяшев, елордадағы Qazaq kuresi Ассоциациясы Ұлттық құраманың аға жаттықтырушысы Айбат Сейтен турнирдің құрметті қонағы ретінде қатысты.

– Қазір елімізде ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ күресі – спорт пен дене шынықтырудың ажырамас бөлігі, жастарға бай тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді насихаттаудың, халық денсаулығын нығайтудың негізгі факторы, тәрбиенің бастауы, – дейді Айбат Төленбекұлы.

Жарыс нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер алғыс хат, медаль және бағалы сыйлықтар табыстылып, турнирде үздік шыққандар марапатталды.

Дайындаған
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



14

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№127-128 (4716) 24/10/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

28 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Инжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қол созған үміт». Телехикая.



5:00 «Әке бақыты»
7:00 «Оян!»
10:00 Телесериал. «Дорога домой»
12:00 Телехикая. «Әйел бақыты»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
6.20 «Мың бала»
07.00 «Маша и медведь» мультсериал



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)
8:05 «НАМЫС», өзбек телехикаясы
10:30 «РАДИ ТВОЕГО СЧАСТЬЯ»



06:00 Әзіл студия
06:40 Ризамын
07:10 Time Vine
07:30 TikTok show
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:05 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая

HTK

06.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

29 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ДОРОГА ДОМОЙ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
6.20 «Мың бала»
07.00 «Маша и медведь» мультсериал



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
06:30 Time Vine
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:45 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая
7:45 Кухня Великолепного Века

HTK

6.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

СӘРСЕНБІ

30 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ДОРОГА ДОМОЙ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»

ASTANA TV

06.00 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
6.20 «Мың бала»
07.00 «Маша и медведь»
09.00 «АЛПАРСЛАН 2»



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:30 «НАМЫС», ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 TIME VINE
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:45 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая
7:45 Кухня Великолепного Века

2:10 «ХАҚ» телехикая.
3:00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
4:00 «Япырай»
4:50 «Айнаonline»

HTK

06.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

31 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «Әке бақыты»
7:00 «Оян!»
10:00 Телесериал. «Впереди день»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым»
6.20 «Мың бала»
07.00 «Маша и медведь» мультсериал

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

АҚМОЛА ҚАЛАЛЫҚ ДУМАСЫ

Ақмола XIX ғасырдың екінші жартысының басында Орталық және Солтүстік Қазақстандағы маңызды және ірі сауда орталықтарының біріне айналып, қала мәртебесі берілді. Бұл Ақмола өміріне елеулі өзгерістер әкелді.



Ақмола қалалық дума мүшелері отырған ғимарат

Қала реформасы трансформацияның құрамдас бөліктерінің біріне айналды. 1870 жылы қалада өзінің атқарушы органы – қалалық үкіметі бар қалалық кеңес пайда болды. Думаға төрт жыл мерзімге сайланған кеңес мүшелері (депутаттарды) сайлау мүлктік біліктілік негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілді.

1873 жылы Ақмола қалалық думасының кеңес мүшелерінің алғашқы сайлауы өтті. Бірақ оларды облыстың әскери губернаторы сайлаушылар тізімдерін бекітуге кеш ұсынғандықтан жарамсыз деп таныды. Сондықтан 1874 жылы сәуірде Ақмолада қайта сайлау өтті.

Дума қаланы көркейтеуге қатысы мәселелерді талқылады. Қабылданған



Бұл ғимарат осы уақытқа дейін сақталған. Желтоқсан көшесі, 11

қаулы азаматтарға қойылатын талаптарды қамтыды. Қала көшелері жылдың барлық уақытында таза болуы керектігі туралы мәселені де қарастырды.

Тізімде көптеген атақты ақмолалық көпестер болған. Қала тұрғындарының едәуір бөлігі құқықтар мен артықшылықтардан айырылды. Мүлктік

біліктілік болды. Сауданы ретке келтіру шаралары қолға алынып, малды мал дәрігерінің тексеруі міндетті болды, түнгі күзет ұйымдастырылды.

1917 жылға дейін қалалық кеңеске 35 адам сайланды. Олар 15 мың азаматтың мүддесін қорғады.

Ғазица ИСАХАН

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

06:00 Әзіл студия
06:30 Time Vine
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы

6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:45 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая

06:55 ҚР ӘНУРАНЫ
07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Екі езу» (каз.)
07:35 «INSTA LIKE» (каз.)

02.40 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА

1 ҚАРАША

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАНСОЛРАН».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ», ТЕЛЕХИКАЯ.

5:00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ»

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
6.20 «Мың бала»
07.00 «Маша и медведь» мультсериал

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

06:00 Әзіл студия
06:30 Time Vine
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы

6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:45 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая

06.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕНБІ

2 ҚАРАША

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер».
6:30 АҚПАРАТ
6:30 «Ауылдастар».
7:00 «Қызық екен...».

5:00 «MANDAI TER»
6:00 «АСЫЛ ҚАЗЫНА»
7:00 КОНЦЕРТ. «АЛАШҚЫЛЫ»
9:00 «ӨЗ ЕЛІМ»
9:30 «NEOCETЬ»

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
6:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:20 «ҚАЗЫҚ ЕКЕН...».

7:05 «ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТИ»
8:05 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
8:40 «БЫЛО ДЕЛО».

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:30 TikTok show
09:00 Time Vine

6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:15 Жұлдызды шаңырақ
7:45 Кухня Великолепного Века

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
8:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:10 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»

06.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ

3 ҚАРАША

6:00 ӘНУРАН
6:05 «АУЫЛДАСТАР»
6:30 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ».
7:20 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».

5:00 «Mandai ter»
6:30 «Асыл қазына»
7:45 Концерт. «Жолдар, жолдар...»

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
8:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:10 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»

7:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», ойын-сауық бағдарламасы

ЖЕКСЕНБІ

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:30 TikTok show

6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:25 Қызықты Weekend
7:35 Кухня Великолепного Века

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал

06.55 ҚР ӘНУРАНЫ
07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)

СУРЕТ СЫРЫ



1909 ж. ашылған Сібір сауда банкі бөлімшесінің ғимараты. Кеңестік кезеңде ғимарат Целиноград қалалық Мемлекеттік банк бөлімі және облыстық «Гострудсберкасса» басқармасына берілді. XX ғ. 90-жылдары ғимарат қиратылды. Ақмола қ. 1916 ж.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2024 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Жеке тұрғын үй 2 қабат» объектісін жерге орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Амантоғай және Ұлытау

көшелерінің қиылысы ауданында, тапсырыс беруші Қошқарбаева А.Ы., Тапалова Ж.К. (сенімхат бойынша). Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 28 қарашада сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2024 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Кіріктірілген мектепке дейінгі мекемесі, кіріктірілген үй-жайлары және тұрағы бар көпөтерлі тұрғын үй кешені» объектісін жерге орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы, Нұра ауданы, 20 және ЕЗЗ көшелерінің қиылысы ауданында, тапсырыс беруші «Нұрсал 2021» ЖШС. Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 27 қарашада сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы, Нұра ауданы, 20 және ЕЗЗ көшелерінің қиылысы ауданында, тапсырыс беруші «Нұрсал 2021» ЖШС. Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 27 қарашада сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№127-128 (4716) 24/10/2024 Бейсенбі



ЕРЕКШЕ ЧЕЛЛЕНДЖ

Республика күнін мерекелеу қарсаңында Астанада көпқабатты тұрғын үйлер мен ғимараттардың балконына «Менің елім – менің туым» челлендж аясында 1000 Мемлекеттік ту ілінді.

Патриоттық акция жыл сайын өтеді. Бұл тек безендірілген үйлердің тұрғындарын ғана емес, елорда көшелерінде жүрген жолаушыларды да ерекше әсерге бөлейді. Астаналықтар жылы қабыл алып, акцияға қосылды.

«Республика даңғылындағы үйлер Мемлекеттік тумен безендірілгенін көрдім. Жұмысқа бара жатқанда ешнәрсе ойламайсыз, ал мұндай жайт ерекше көңіл күй сыйлайды.

Меніңше, жұрттың ойын күнделікті күйбең тірліктен бөліп, бәріміз бір «үйде» өмір сүретінімізді еске салу пайдалы» дейді Астана тұрғыны.

Айта кетейік, қаланың орталық көшелерінде (Тәуелсіздік, Б.Момышұлы, Қабанбай батыр, Тұран, Республика, Р.Қошқарбаев даңғылдары, Ж.Нәжімеденов, Сарайшық, Сығанақ, Достық және т. б. көшелер), жол бойында ҚР туы желбіреп тұр.



ЕЛ МЕН ТУҒА – ҚҰРМЕТ

Астаналық спортшылар «Менің елім – менің туым» акциясына қолдау білдірді.

Елорда жастары бастаған акцияны елімізге танымал спортшылар да қолдап, бірі өз балконына ту ілсе, енді бірі әнұранды шырқады. Олардың қатарында MMA спорт түрлерінен Астана қаласының аға жаттықтырушысы Нұрлан Карабин мен бокстан жастар арасында Азияның екі дүркін және 22 жасқа дейінгі Азия чемпионатының жеңімпазы Темірлан Мұқатаев бар.

«Мұндай бастамалар жастар арасында патриотизмді нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Спорт арқылы біз өзіміздің

күшімізді ғана емес, рухани байлығымызды да көрсетеміз. Әрбір жетістік – еліміз үшін мақтаныш, сондықтан біз өз жетістігімізбен Отанымызды одан әрі дамытуға үлес қосудымыз керек» деді ауыр салмақтағы бокс шебері Темірлан Мұқатаев.

Ауыр атлетикадан жастар мен жасөспірімдер арасында әлем чемпионатының үш дүркін чемпионы елордалық Едіге Емберді Республика күні қарсаңында Мемлекеттік гимнді орындап, әлеуметтік желіге жүктеді.

25/10
14:00-15:30
РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

«Интернациональный» тұрғын алабы;
«Өндіріс» тұрғын алабы;
«Бәйтерек» монументі;
Орталық саябақ;
Қалалық алаң

Республика күні
25 қазан

25/10
18:00
КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА КЕШІ

Qazaqconcert залы

24/10
19:00
«ҚЫЗЖЫЛАҒАН» ДРАМАСЫ

Музыкалық жас көрермен театры

25-26/10
19:00
«ФИГАРОНЫҢ ҮЙЛЕНУІ»

Қуанышбаев театры

НЕ? ҚАЙДА? ШАН?

25-26/10
19:00
«ФИГАРОНЫҢ ҮЙЛЕНУІ»

Қуанышбаев театры

Режиссер:
Н.ЖҰМАНИЯЗОВ

25/10
18:00
ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

Astana Ballet

25-26/10
18:00
«ТАНАКӨЗ» ДРАМАСЫ

Мамбетов театры

26/10
17:00
АЛТЫН ҚОР – БИ ҚАЗЫНАСЫ

ҚР Қарулы күштерінің ұлттық әскери патриоттық орталығы

27 қазан
19:00
АСТАНА ҚАЛАСЫ

«КҮН ДИДАРЛЫ ҚАЗАҚСТАН» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ

Қуанышбаев театры

27/10
15:00
«МУЗЫКА ӘЛЕМІ»

Astana Opera

29/10
19:00
«МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ»

Музыкалық жас көрермен театры

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №127-128

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редакторлар – Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР